

СӨЗІММЕН ХАЛҚЫМ АМАЛ ҚЫЛСЫН ДЕСЕҢ, АМАЛ ҚЫЛ ӨЗ СӨЗІҢМЕН ӘУЕЛ ӨЗІҢ!

Мәшһүр Жүсіп

Баянтау

ГАЗЕТІ



Газет 1931 жылғы
4 қыркүйектен шыға бастады

№18 (11534) 14 мамыр, 2026 жыл

МӨРТЕБЕЛІ МАРАПАТ



ҮШ ЖАҢА ОРДЕН

Парламент Мәжілісі Қазақстанның мемлекеттік наградалары туралы заңға енгізілетін түзетулерді қабылдады. Құжатқа сәйкес, елде үш жаңа орден пайда болады.

«Мейірім» ордені меценаттық, филантропиялық және қайырымдылық қызметке елеулі үлес қосқан азаматтарға табысталады. Ал «Қожа Ахмет Ясауи» ордені танымал Қазақстан және шетел ғалымдарына, мемлекет және қоғам қайраткерлеріне беріледі. «Әл-Фараби» ордені білім мен ғылым, мәдениет және рухани өмір салаларында жетістікке жеткен азаматтарға арналған. Заң жобасы Парламент Сенатының қарауына жолданды.

Бұған дейін Қасым-Жомарт Тоқаев «Қожа Ахмет Ясауи» орденін мемлекеттік наградалар тізіміне енгізу туралы жарлыққа қол қоятынын мәлімдеген болатын. Кейін Мемлекет басшысы «Әл-Фараби» орденін тағайындауды да ұсынған еді. Биыл «Мейірім», «Қожа Ахмет Ясауи» және «Әл-Фараби» ордендері алғаш рет Республика күні қарсаңында табысталмақ.

Egemen.kz сайты

МЕРЕКЕ

БАТЫРЛАР, СІЗДЕРГЕ МЫҢ АЛҒЫС!

Жеңіс күні – төл тарихымыздағы орны ерекше, қасиетті күн! Ерлік пен елдіктің, батырлық пен бірліктің, отансүйгіштік пен қайсар рухтың мерекесі. Биыл адамзат тарихындағы ең ауыр сұрапыл соғыстың аяқталғанына 81 жыл толып отыр. Қан майданда оқ пен оттың арасында өмірлерін қиған және тылда жанкешті еңбектерімен жеңісті жақындатқан ардагерлерімізді, есімдері ерлік шежіресінде жазылған батырларымызды құрметтеу, даңқты жолдарын үлгі-өнеге тұту – біздің басты парызымыз. Бейбіт күн сыйлаған жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухын өрлетіп, Жеңіс жалауын желбіреткен ұлы күнде Баянауыл жұртшылығы «Даңқ» ескерткішіне жиналып, боздақтар рухына бас иді.



Мерейім ҚАЙРАТ

«Даңқ» ескерткішіне аудандық полиция бөлімінің сақшылары, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің қызметкерлері, Ауған соғысының ардагерлері, басқа да сала өкілдері сап түзеп, мерекенің сәнін арттырды. Тыл ардагерлері мен ел ағаларының көш бастауымен боздақтар ескерткіштеріне салтанатты гүл шоғын қою рәсімі ұйымдастырылды. Ұлы Отан соғысында шейіт болған майдангерлерді 1 минут үнсіздікпен еске алды.

Статистикалық деректерге сүйен-



сек, соғыс жылдары Баянауыл ауданынан 3 мыңнан астам азамат майданға аттанса, 1500-нан астамы туған жеріне оралмай, қан майданда көз жұмды.

Бүгінгі бейбіт өміріміз бен ашық аспанымыз сол бір сұрапыл жылдары «Отан» деп от кешкен майдангерлер мен тылда бел жазбай еңбек еткен жандардың жеңісі. Батыр бабаларымыз қорғап қалған қасиетті Отанымыз аман, еліміз тыныш, көк туымыз әрдайым биікте желбірей берсін!

ТАҒАЙЫНДАУ

Конкурстық комиссия отырысының 2026 жылғы 21 сәуірдегі № 13 хаттамасы бойынша 2026 жылғы 4 мамырдан бастап Бахиев Есбол Демесінұлы «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Баянауыл аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы болып тағайындалды.



Бахиев Есбол Демесінұлы 1968 жылғы 11 мамырда Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Қособа ауылында дүниеге келген.

Білімі – жоғары.

2006 жылы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетін «Агроэкология» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Жалпы еңбек өтілі – 38 жыл 8 ай, мемлекеттік қызмет өтілі 20 жыл 3 айды құрайды.

Еңбек жолы:

17.12.1985-14.05.1986 жж. – Орал облысы, Сырым ауданы, «Қособа» совхозының спорт жөніндегі нұсқаушы-әдіскері;

25.05.1986-20.06.1988 жж. – Совет армиясының қатарында әскери қызмет, Амур облысы;

27.08.1988-01.04.1989 жж. – Орал облысы, Сырым ауданы, «Қособа» совхозының жұмысшысы;

01.04.1989-01.03.1991 жж. – Орал облысы, Сырым ауданы, «Қособа» совхозының өндірістік гимнастика бойынша нұсқаушы-әдіскері;

01.03.1991-06.05.1991 жж. – Орал облысы, Сырым ауданы, «Қособа» совхозының оқу өндірістік бригадасының тәлімгері;

06.05.1991-01.02.1992 жж. – Орал облысы, Сырым ауданы, «Қособа» совхозы директорының жастар ісі жөніндегі орынбасары;

01.02.1992-10.10.1994 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, «Қособа» совхозының спорт жөніндегі нұсқаушысы;

10.10.1994-14.01.1997 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, «Қособа» ұжымдық кәсіпорнының дүкен меңгерушісі;

20.04.1997-20.04.1999 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, «Қособа» ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің мұнай қоймасының меңгерушісі;

20.04.1999-11.04.2002 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы «Дәулет» өндірістік кооперативі директорының өндірістік істер жөніндегі орынбасары;

11.08.2002-18.05.2004 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы «Дәулет» өндірістік кооперативінің бас агрономы;

18.05.2004-15.03.2005 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы «Дәулет» өндірістік кооперативі директорының орынбасары;

15.03.2005-13.06.2005 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Қособа ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманының міндетін атқарушы;

13.06.2005-11.06.2007 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Қособа ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы;

11.06.2007-02.06.2008 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Сырым аудандық аумақтық инспекциясының өсімдік қорғау жөніндегі жетекші маманы;

02.06.2008-11.11.2009 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Қособа ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы;

12.11.2009-15.03.2010 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы;

15.03.2010-02.03.2015 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Приурал селолық округі әкімі аппаратының бас маманы;

02.03.2015-14.08.2017 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Бөрлі ауылдық округі әкімінің орынбасары;

15.08.2017-24.06.2025 жж. – Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Қанай ауылдық округінің әкімі.

Үйленген, 3 баласы бар.

Баянауыл ауданында «Таза өлке», «Мөлдір бұлақ» және «Біз біргеміз» акциялары аясында кең көлемді санитарлық тазалық, көгалдандыру және әлеуметтік көмек жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Табиғатты аялау мен туған жерді түлетуге бағытталған бұл шараларға аудан жұртшылығы біркісідей атсалысуда.



ТАЗАЛЫҚ ПЕН АБАТТАНДЫРУ – БАСТЫ НАЗАРДА

«Таза өлке» акциясы аясында биыл Баянауыл ауданында көктемгі және күзгі кезеңдерде барлығы 3 351 дана ағаш отырғызу жоспарланған. 29 сәуірдегі мәлімет бойынша, аудан аумағында 1 105 түп ағаш (қарағай, қайың, шегіршін, терек, үйеңкі, сібір шыршасы) егіліп үлгерді. Бұл игі іске 1 032 адам қатысты. Айта кетерлігі, «Майқайың алтын» АҚ демеушілігімен 600 түп ағаш отырғызу жоспарлануда.

Тазалық жұмыстарының нәтижесінде елді мекендерден барлығы 1 200 тонна қо-қыс шығарылып, аумақтар күл-қоқыстан тазартылды. Қазіргі таңда Ұзынбұлақ ауылдық округі тазалық жұмыстарын 100%-ға орындап, көш бастап тұр.

Табиғи бастауларды сақтау мақсатында өткен «Мөлдір бұлақ» акциясы да нәтижелі болды. Аудан бойынша барлығы 18 бұлақ орналасқан. 29-сәуір күндері жүргізілген тазалау жұмыстарына 223 адам қатысып, бұлақ көздерінен 80 тонна қоқыс шығарылды. Әсіресе Сәтбаев ауылдық округінде 8 бұлақ тазартылып, ең жоғары белсенділік танытылды. Ал Бірлік ауылдық округінде бұлақ көзі болмағандықтан, тұрғындар ауыл маңын мал өлекселерінен тазарту

жұмыстарын жүргізді.

Мамыр айының басында басталған «Біз біргеміз» акциясы әлеуметтік бағытты ұстанды. Акция аясында жалғыз тұратын қарттардың аулаларын тазалау және абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылды. Жалпы аудан бойынша 21 үй қамтылып, 203 тонна қоқыс шығарылды. Бұл жұмыстарға 115 адам мен 15 бірлік техника жұмылдырылды. Сонымен қатар, Жеңіс күні мерекесіне орай Баянауыл, Торайғыр, Ақсаң, Құндыкөл, Ұзынбұлақ және Жаңатілек ауылдық округтерінде Ардагерлер алаңдары мен Даңқ аллеяларын сырлау, әктеу және тазалау жұмыстары жүргізілді. Баянауыл ауылында Сабындыкөл жағалауы, тау маңы және орталық көшелер, сондай-ақ зираттар аумағы қоқыстан тазартылды. Қоқыс шығаруға ЗИЛ, ГАЗ-53 жүк көліктері жұмылдырылды. Сонымен бірге, «Әдия» ЖК 1 жүк тиегіш техникасы көмектесті. Санитарлық тазалық жұмыстарына 30 ұйым мамандары атсалысты.

М.ҚАЙРАТ



ҰБТ - 2026

ӨЗІҢЕ СЕН, СЕН ҰБТ-ДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕСІҢ!

ҰБТ-да биыл қандай өзгеріс бар?

Мектеп бітіруші түлектер үшін ең маңызды кезең – Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы. 2026 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеудің форматы өзгеріссіз қалады. Яғни өткен жылғы жүйе сақталып отыр. Талапкерлер бұрынғыдай үш міндетті пән мен екі бейіндік пән тапсырады. Жалпы ҰБТ – оқушылардың білім деңгейін әділ бағалауға және жоғары оқу орнына түсу мүмкіндігін анықтауға бағытталған маңызды жүйе. Қазір оқушылардың білім деңгейін анықтау үшін 4 рет тест тапсыру мүмкіндігі бар. Оның екеуі ақылы түрде өтсе, екеуі мемлекет тарапынан ақысыз өтеді. Оқушы ақылы тестен өткен нәтижемен жоғары оқу орнына ақылы түсе алады. Ал тегін өтетін тест нәтижесімен мемлекеттік грантқа үміткер бола алады. Бұл өз кезегінде түлектердің мүмкіндігін арттырып, психологиялық қысымды төмендетуге бағытталған.

– Баянауыл ауданы бойынша 257 оқушы 11-сыныпта оқиды. Алтын белгіге – 25, үздік аттестатқа 15 үміткер бар. Қаңтар айында ұлттық бірыңғай тестілеу бойынша 11-сынып білім алушылары арасында екі оқушы 131 балл жинады. Олар – Мәшһүр Жүсіп Көпеев атындағы мектептің «Алтын белгі» иегері Исабек Нұралы және Егіндібұлақ орта мектебінің оқушысы Әбілмансұр Жұмаш. Бүгінде аудан мектептерінің түлектері бірыңғай тест тапсыруға тыңғылықты дайындық үстінде. 16-мамыр мен 10-шілде аралығында оқушылар екі рет бақ сынады. Оған 236 түлек, олардың 93,3%-ы қазақ тілінде, 6,7%-ы орыс тілінде тестілеуден өтуге өтініш білдірді. Орташа балл 79,1% құрайды, – деді Баянауыл аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі Мәншүк Шумакова.

ҰБТ тапсырмаларының жалпы саны – 120. Оның ішінде: «Қазақстан тарихы» пәнінен – 20 сұрақ, «Оқу сауаттылығы» пәнінен – 10 сұрақ, «Математикалық сауаттылықтан» – 10 сұрақ және екі бейіндік пәннен 40 сұрақтан беріледі. Ең жоғары балл – 140. Тест тапсыру уақыты – 4 сағат, яғни 240 минут. Арасында қысқа үзілістер қарастырылған. Әкімшіліктің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға, сөйлесуге немесе қағаз алмасуға рұқсат етілмейді. Ал ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қосымша 40 минут қарастырылған. Бұл – барлық талапкерге тең мүмкіндік жасау мақсатын көздейді.

Апелляцияға қалай өтініш беруге болады?

ҰБТ аяқталған соң талапкер 30 минут ішінде апелляцияға өтініш бере алады. Егер оқушы қандай да бір сұраққа күмәнданса немесе техникалық қателік байқаса, өзінің жеке кабинеті арқылы өтініш жол-



дайды. Апелляциялық комиссия шешімі шыққаннан кейін сертификат талапкердің жеке кабинетіне жүктеледі. Сонымен қатар талапкер апелляция өтінішін кейін қайтарып алуына да мүмкіндік бар. Мұндай жағдайда сертификат бір жұмыс күні ішінде қайта қолжетімді болады.

Қоғамда кейде ҰБТ-ны өмірдегі ең үлкен сынақ ретінде қабылдайтындар көп. Әрине, бұл – маңызды кезең. Дегенмен бір тест адамның тағдырын толық шешпейді. Ең бастысы – еңбек ету, іздену және дұрыс бағыт таңдау. Бүгінде елімізге тек жоғары балл жинаған жастар емес, өз ісін сүйетін, білімді, бәсекеге қабілетті мамандар қажет. Сондықтан талапкерлерге сабыр сақтап, дайындықты жүйелі жүргізіп, өз күшіне сену маңызды. ҰБТ – болашаққа бастар жолдың алғашқы баспалдағы ғана. Ескеретіні, тестілеу кезінде ұялы телефон, смарт-сағат, планшет, ноутбук, диктофон, құлаққаптар, фотоаппарат, калькулятор, қағаз, кітаптар және оқу әдебиеттері сынды құралдарды алып кіруге қатаң тыйым салынады.

«Алтын белгі» иегерлері мен олимпиада жеңімпаздарына басымдық берілмейді

ҰБТ тапсыру барысында «Алтын белгі», түрлі олимпиада жеңімпаздары үшін ешқандай басымдық берілмейтіні белгілі болды. Есесіне, ҚАЗТЕСТ, IELTS және TOEFL, SAT, ACT, IB, A Level сертификаттарының иегерлері өз балдарын ҰБТ балдарына ауыстыра алады. Мысалы, ҚАЗТЕСТ нәтижесін «Қазақ тілі» пәні бойынша ҰБТ балдарына ауыстыруға болады. ҚАЗТЕСТ-тің B1 деңгейі «Қазақ тілі» пәнінен 42 балға, B2 деңгейі – 46 балға, C1 деңгейі 50 балға теңестіріледі. IELTS немесе TOEFL сертификаттарын «Ағылшын тілі» пәні бойынша ҰБТ балдарына ауыстыруға болады. IELTS-тен 5.0 балл «Ағылшын тілі» пәні бойынша 42 балға, 5.5 балл – 46 балға, 6.0 балл 50 балға ауыстырылады. Қалған сертификаттар бойынша да арнайы ауыстыру шкаласы бар. 2026 жылғы қаңтарда ҰБТ-дан 184 мыңға жуық адам өткен. Талапкерлердің 75%-ы тестілеуді қазақ тілінде, 25%-ы орыс тілінде және 113 адам ағылшын тілінде тапсырған. Ал наурыз айындағы ҰБТ-ны 179 мыңға жуық адам тапсырған. Талапкерлердің 75%-ы тестілеуді қазақ тілінде,

25%-ы орыс тілінде және 157 адам ағылшын тілінде тапсырып, олардың 70%-ы шекті балл жинаған. Ал негізгі ҰБТ-ны шамамен 200 мыңнан астам талапкер тапсырады деп күтілуде.

Шекті балда өзгеріс жоқ!

Биыл шекті балл жөнінен де өзгеріс жоқ. Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу шекті балы – 65 балл, басқа ЖОО-ларға 50 балл, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – 75 балл, «Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша – 70 балл, «Құқық» даярлау бағыты бойынша – 75 балл. Бұл ретте Қазақстан тарихы және ҰБТ-ның екі бейіндік пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл, ал оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылық пәндері бойынша кемінде 3 балл жинау қажет. Сондай-ақ әрбір ЖОО білім беру бағдарламаларының топтары бойынша өзінің өту балын белгілей алатынын айта кеткен жөн. Қазір ҰБТ жылына бес рет өткізіледі. Оның үшеуі, яғни қаңтар, наурыз және тамыз айларында өтетін ҰБТ ақылы негізде оқуға түсуге арналған. Ал мамыр-шілде айларында өтетін негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, оның сертификаттарының бірімен, талапкер өз таңдауы бойынша грант конкурсына қатыса алады немесе жоғары оқу орнына ақылы негізде оқуға түсе алады. ҰБТ-ны жылына бірнеше рет өткізу туралы шешім балаларға түсетін қысымды азайту мақсатында қабылданғаны түсінікті. Биыл талапкерлерге ыңғайлы болу үшін тестілеу бағдарламасының ішінде калькулятор, химиялық элементтердің периодтық жүйесі және тұздардың ерігіштік кестесі қолжетімді болады. Сонымен қатар қағаз түріндегі нұсқалары да беріледі. Бұл әсіресе химия және физика пәндерін таңдаған түлектер үшін тиімді болмақ. Мысалы, медицина мамандығына түсу үшін биология мен химия пәндерін таңдаған оқушы есеп шығару барысында калькуляторды қолдана алады. Бұл уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

ҰБТ – бақ пен бап, білім мен төзімнің сынға түсетін сынағы. Бұл кезеңнен сүрінбей өткен түлек өз болашағының берік іргесін қалайды. Ендеше, жас түлек, өзіңе сен, сен ҰБТ-да жеңіске жетесің! Сәттілік тілейміз!

Айдана АЙТУҒАН

ҚҰРМЕТ


ЖАҢАТІЛЕКТЕ ЖЕҢІС КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

9-мамыр күні Жаңатілек ауылдық округінде Ұлы Отан соғысының Жеңіспен аяқталғанына 81 жыл толуына орай «Мәңгілік алау» монументіне гүл шоқтары қойылып, дүниеден өткен, ұрыс даласынан оралмаған соғыс ардагерлеріне құран бағышталды.



1941-1945 жылдар ел басына қатер төнген сұрапыл жылдары Жаңатілек ауылынан 150-ден астам ауыл азаматтары қан майданға аттанып, олардың тең жартысына жуығы ұрыс даласында ерлікпен қаза тапты. Солардың бірі «Даңқ» орденінің толық иегері Бақыт Хайдаров еді. Ал соғыстан кейін елге аман қайтқан жауынгерлердің көбі мүгедек болып оралды. Бұлар соған қарамастан бірден шаруашылық жұмыстарына араласып, еселі еңбектерімен көзге түсті. Колхозды, совхозды көтерді. Соғыс кезінде елде қалған әйелдер мен балашаға «Бәрі де Отан үшін! Бәрі де Жеңіс үшін!» деп, жарғақ құлақтары жастыққа тимей еңбек етіп, майданды жылы киіммен, тамақпен қамтыды. Бүгінде соғыс ардагерлері арамызда жоқ. Тыл ардагерлерінен 96 жастағы Айтжамал Ержанова, 90-нан асқан Кәмеш Мұсаинова бар. Іс-шараға ауыл адамдары, жастар көптеп қатысып, өз ойларымен бөлісіп, дүниеден озған ағаларды тебірене еске алысты. Ауыл әкімі тыл ардагерлерінің үйлерін аралап, сый-сияпат жасады.

Мұхамет-Қайыр Шәріпов,
ҚР Журналистер одағының мүшесі



ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ – 90 ЖАСТА

Белгілі журналист, жазушы Жанболат Аунбаевтың «Біртуарлар» кітабында қазақ халқының біртуар ұлдарының ғұмыры, оның қалың көпшілікке белгісіз болып келген тұстары қызықты, орынды баяндалады. Сонымен қатар ұлы перзенттердің беймәлім сырлары ашылған. Осы кітапта Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов жайлы да жазылған. 18 мамыр күні әлемдік тұлға торқалы 90 жасқа толады. Мерейтойына орай оқырмандарға тәбәрік!

Редакция

ОЛЖАС

Аласартпай асыл туын басқаның,
Асқақ ұста туған дала аспанын.

О. Сүлейменов

Ол өмірге келгенде дүние дүбірлі оқиғаларға толы еді. Қалай дейсіз ғой? Бұл кезде алыстағы Абиссиния жері от-жалынға оранып, Мадридте алапат шайқас басталған болатын. Ұшқыш Валерий Чкалов әлем тарихында тұңғыш рет Солтүстік полюс арқылы Мәскеу–Портленд (АҚШ) аралығын қонбастан ұшып өтуге әзірленіп жатты. Ал автономия атауынан арылған, сөйтіп, одақтас республикалар қатарына жаңа ғана қосылған Қазақстанның өнер шеберлері болса бұл уақытта Үлкен театрдағы өздерінің алғашқы онкүндігін сәтті өткізіп, елге табыспен оралған еді. Осымен бір мезетте... иә, осымен бір мезетте жазықсыз жазалау – репрессияның қара құйыны біздің республикамызға да үйіріліп кеп қалған болатын.

– Кейін барша жұрт замана трагедиясы деп атап кеткен 37-ші жылғы нәубет басталғанда мен бір жасқа жаңа ғана толған сәби екенмін, - деді Олжас аға Медеу іргесіндегі үкінің ұясындай дача терезесінен қылаулай жауған қарға көз тастаған күйі ойлана тіл қатып. – Есейе келе білдім, оның ызғары біздің отбасымызды да қарып өтіпті. Олай дейтінім – туған әкем, әскери қызметкер Омар Сүлейменовтің сол зобалаңда халық жауы атанып, атылып кеткендігі. Анам Фатиманың айтуынша, ол кісі республикамыздағы тұңғыш құрылған қазақ атты әскер полкінің офицері болған. Еске түсірейік, Сталин 37-ші жылғы нәубетті ойластырғанда бұл бағыттағы «ұйымдастыру жұмысын» ең алдымен барлық жердегі ұлттық әскери бөлімдерді таратудан бастады емес пе? Сөйтіп, олардағы басшы командирлер құрамын атып-асып, лагерьлерге айдауға жібергені мәлім. Менің әкем міне, осы кезеңнің құрбаны. Ол сол кезде ұсталып, хабарсыз кетті. Рас, кейін тарихшы Лев Николаевич Гумилев маған өзінің репрессия жылдарындағы көрген азабын сөз ете келіп, түрмеде Омар Сүлейменов деген адаммен жылға жуық уақыт бірге жатқанын, сөзіне, сырт келбетіндегі ұқсастықтарға қарағанда, ол кісінің менің әкем екенін айтып сендіргені бар. Бұдан басқа ешқандай дерек жоқ.

Ақын аға осы сөздерді айтты да ауыр күрсінді. Күрсінетін жөні бар. Неге десеңіз әңгімеміз жоғарыдағыдай

көңілсіз, қиын жайтты еске алудан басталып кетті емес пе? Оның үстіне бұл күні Алматының ауа райы да онша оңып тұрған жоқ болатын. Астана аспаны біртүрлі тұнжыраңқы, тұмандатқан күйде еді. Бұған елдің осының алдында ғана «Халық Конгресі Партиясы» съезінде жасаған оның баяндамасына түсінбестік тұғызғанын, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы мүшелерінің ресми ақпарат құралдары арқылы оған өкпе арта жариялаған ашық хатын қосыңыз... Осының бәрін ой елегінен өткізіп үлгерген мен ақынды мазалағым келмеді. Бірауық өзіммен-өзім болып отырдым да Олжас ағаның ата-бабалары туралы бұдан бұрынырақта айтқан бір әңгімесін еске алдым.

Әкесі жөніндегі қайғылы оқиғаны біздің кейіпкеріміз бес жасқа келген кезінде тұңғыш рет атасының аузынан естиді. «Есінде ұста, ұлым, - деген ол кісі 41-дің қара суық күзіндегі көңілсіз түндердің бірінде мұның көрпесін қымтап жатып, - сен өкең жағынан Арқадағы Олжабай батыр мен әнші Жаяу Мұсаның, ал шешен жағынан Жетісу жұрты Бәделбаевтардың ұрпағынан тарайсың. Осыны ұмытпа». «Олар кім? Қандай адамдар болған?» - деп сұрамай ма сәби көңілді бүлдіршін. «Бәделбаевтар – Алматы бекініске арналған қала болып салына бастаған кезде соған отырықшы ретінде ірге тепкен санаулы қазақтардың бірі. Шеберлер әулеті. Өзің іңгөлап өмірге келген мынау Кіші станицаның Крепостной көшесіндегі көптеген үйлер сол нағашыларыңның қатысуымен салынған. Ал Олжабай бабаңа келсек, ол атақты Абылай хан әскерінің оң қанатын басқарған банадүр. Ел аузында бұл кісі туралы мынадай аңыз бар, - деп жауап береді дана қарт немересінің сауалына. – Жоңғар шапқыншыларына қарсы шешуші шайқастың қарсаңы болса керек. Сұрапыл соғыстың оңайға соқпасын білген игі жақсылар хан ордасына жиналады да үш күн, үш түн отырып кеңеседі. Бірақ ауызбірлікке, мәмілеге келе алмайды. Сонда ашу мен ызаға булыққан Олжабай банадүр жасауылдарының біріне даладан улы жыланды ұстап әкелуге бұйрық береді. Тапсырма орындалған мезетте ол түсі суық, қауіпті жәндікті мойнынан қылғындырып тұрып ұстайды. Сонан соң оның қайқандаған басын тісімен кірш еткізіп тістеп алып түкіріп тастайды. Сөйтеді де: «Ал енді түсінікті ме, жарандар?» - дейді қатуланып. – Түсінікті, - деп шу ете түседі сонда барып батырдың ойын оның морт мінезді қимылынан



анық ұққан жұрт. Бұл: «Мынау улы, қорқынышты жыланның байрағында аждаһа белгісі бар анау жоңғарлардан еш айырмашылығы жоқ. Жау қанша айлакер, қауіпті болғанымен бізде оған төтеп беретін қуатты күш бар. Бірақ ауыз-бірлік жетіспей тұр. Сондықтан пәтуаға келейік, ағайын. Жұмылған жұдырықтай болып жауға аттанайық. Солай етсек қана жоңғарларды мына жылан сияқты тұншықтырып, басын қыршып жұлып аламыз», - деген сөз еді. Міне, осыдан кейін мәмлеге келген ел жоңғарларға қарсы дүрк көтеріліп, жауға өлтіре соққы берген деседі.

Олжабай – тарихта бар адам. Олжас ағамыз болса сол тұлғадан тараған әулеттің жетінші ұрпағы. Халқымызда ата-баба бойындағы дара қабілеттер мен сирек қасиеттер генеологиялық нақ осы буында бір көрініс беріп өтеді деген ұғым бар. Соған қарағанда бұл сөзде бір шындық бар сияқты.

– Балалық, жастық шағымды еске алғанда екінші әкем Әбдуәли Қарағұлов туралы айтпай кете алмаймын, - деді Олжас аға маналы бері үзіліп қалған әңгіме желісін қайта жалғап. – Жастайынан баспаханадағы қорғасын әрпінің уын жұтып, көзін газет жұмысымен ашқан, коммунистік журналистика институтының (КИЖ) алғашқы түлектерінің бірі болған, республика баспасөзінде жұмыс істеген ұзақ жылғы қызметінде осы саланың талай буынын тәрбиелеген бұл кісінің алдында өзімнің қарызым мен парызым көп деп есептеймін. Себебі, Әбекең мені оқытты, өсірді, тәрбиеледі. Өмір жолымның еркін, тәуелсіз қалыптасуына барынша жағдай жасады. Мұны еш уақытта да ұмытпаймын. Сонымен інішек, осылардың бәрін елеп-екшей келгенде мен өзімді қазақ деген елдің үш жүзіне ортақ перзентпін деп есептеймін. Қалай дейсің ғой? Жазушылар одағына

келіп жұмыс істегенге дейін өз басым халқымыздың ру, тайпа боп бөлінетінінен хабарсыз едім. Мұнда оның білгірлері жеткілікті болып шықты. Олар аталмыш мәселеге байланысты сауатымды ашуға тырыссын келіп. Әрқайсысы өзіне қарай тартады. Бір жағына бұрылсаң – қателескенің. Барып тұрған әділетсіздік те сол ғой. Осыны мықтап есте ұстаған мен ата-тегімді, руымды қазбалап сұраушыларға: «Өзімді өмірге әкеліп, ақ сүтін берген анам – Ұлы жүз. Туған әкем – Орта жүз. Ал ат жалын тартып мінгізіп, азамат қатарына қосқан отағасы – екінші әкем – Кіші жүз. Сондықтан мен өзімді үш жүздің төл перзентімін деп айтуыма толық хақым бар», - деп жауап бердім. Қалай ойлайсың, дұрысы да осы емес пе? Сөз арасында нағыз ұлттық сана-сезім қалалықтардың екінші-үшінші ұрпағында ғана пайда болады деген ойымды ешкімнен жасырғым келмейді. Ауылдағылар, сондай-ақ қалалықтардың бірінші ұрпағы өзінге тайпалық ұғымның жетегінде жүр. Бұл – шындық, өмір шындығы. Оған ренжудің қажеті жоқ.

– Біз ақын, зерттеуші, қайраткер Олжасты жақсы білеміз, - дедім мен осы сәтте әңгіме иесінің жоғарыдағы сөздерінен кейінгі екі арада орнай қалған үнсіздікті пайдаланып. – Бірақ бала, оқушы, студент Олжас көп адамға әлі белгісіз. Осы жөнінде...

– Ойыңды түсіндім. Өмірімнің өзің айттып отырған кезеңі туралы шынында да күні бүгінге дейін көп ештеңе жазылмай, ұмыт қалып келгені рас. Сондықтан осы олқылықтың орнын толтыру бағытында сөз қозғар болсам мәселе былай: мен орыс мектебінде оқыдым. Ол кездері Алматыда жергілікті ұлт балалары дәріс алатын білім ұялары некен-саяқ деуге болатын. Қазақтар да қалада өте

аз еді. Бұл әсіресе, біз тұратын Кіші және Үлкен станицалардың шектескен тұсында ерекше сезілетін. Сөйтіп, мектептегі балалық шағымның көп бөлігі қаласам да, қаламасам да өз-өзімді күн сайын дәлелдеуге тура келетін көшеаралық қақтығыстар мен қызылшеке төбелестер арасында өтіп жүрді. Ескерте кетейін, қазақ ретіндегі намысым, ар-абыройым міне, сол кезде шыңдалды. Ол уақытта, иә... ол уақытта парктер мен би алаңдарындағы кездейсоқ оқиғаларда тек қана адал, күшті, ержүрек, достарын сатпайтын және айтқанынан қайтпайтын бала ғана құрметке ие болатын. Біле білсең, бұл да бір мектеп. Кейін оның өмірлік кәдеге жарайтыны анық. Сонымен бұдан түйер қорытынды мынау дер едім: егер сен бала кезіңде адам ретінде өз-өзіңді қалыптастыра алсаң, онда қоғамның өз азаматы бола аласың, кез келген мамандықта да лайықты жетістікке қол жеткізесің. Адал әріптестіктен туындайтын бәсекелестік қана өмірлік қайнар көзге айнала алады.

Ақын ағаның мына сөзін естіп отырғанымда көз алдымнан кинорежиссер Халықбек Салықовтың «Балкон» фильмі елес беріп өткендей болды. Сценарийін жас драматург Шахмардан Құсайынов жазған бұл кинохикаяға өзек боп тартылған басты нәрсе ол осы Олжас Сүлейменовтің өмірбаяндық, лирикалық жырлары десек еш қателеспейміз. Оқиға елуінші жылдары Алматы қаласында өтеді. Мұнда біз соғыс алдында туған, тылдың ауыртпалығын көрген жасөспірімдердің тағдырына куә боламыз. Сондай-ақ олардың жеңістен кейін де аш күзендей бүгіліп жүріп өмір сүргенін, сол аралықта сотқарлық, сотанақтық деп аталатын шпаналық мектепті де төмамдап үлгергенін көреміз. Ақырында бірінің әкесі халық жауы боп ұсталып кеткен, екіншісінің көкесі майдан даласында қаза тапқан шеркөкірек қала балалары жазушы Илья Эренбург айтқан «оттепель» – «жылымықты» да көретін күнге жетеді. Солардың бірі міне, осы Олжас. Фильмнен мұны сіз үнсіз сезіп білесіз. «Балкон» кино туындысында бұдан басқа бөрімізді таңғалдыратын бір нәрсе бар. Ол кинорежиссер Халықбек Салықовтың өзі бертін туған ұрпақтың өкілі болса да қырқыншы-елуінші жылдардағы Олжас пен оның құрдастарының тыныс-тіршілігін деп басқаны, мінез-құлқтарын айнытпай бере білгені, сол уақыттағы Алматы қаласының көрінісін экранда қазқалпында көрсете алғаны.

– Енді жазу мәселесі мен студенттік шағыма келейін, – деді Олжас аға сәл жөткірініп қойып. – Әдебиетпен шұғылдануды өте ерте бастадым. Төртінші класта оқып жүргеннің өзінде менің жазған шығармаларым мектептегі үздік туындылар қатарында аталып жүрді. Грамматика, тригонометрия және математика сүйіп оқитын пәндерім еді. Мектепті бітірген соң ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түскім келді. Бірақ, Әбекең: «Ортаңқол газет қызметкері болып жүргеннен гәрі қатардағы инженер мамандығын игергеніңнің өзі артық», – деп құлаққағыс жасаған соң геология факультетіне баруға бел будым. Мұнда жаман оқығаным жоқ. Мұнай және газ көздерін зерттейтін инженер-барлаушы дипломын алып шыққаннан кейін көңілім өлең өл-

кесін аңсады да тұрды. Ақыры тәуекел деп Мәскеудегі Әдебиет институтына тарттым да кеттім. Мен барғанда онда қазақшадан орысшаға тәржіме жасайтын көркем аударма бөліміне қабылдау жүріп жатыр екен. Конкурста біздің республикамыздан бес адам қабылданғаны хабарланды. Олар: ақық ақын Илияс Жансүгіровтің ұлы Болат, әйгілі көркемсөз шебері Бейімбет Майлиннің баласы Мереке, атақты жазушы Ғабит Мүсіреповтің туысы Әбділда Ботбаев, қазақ тілінің түбін түсіріп сөйлейтін Орал қазағы Иван Голубев және мен едім.

Әдебиет институтында барлық республикалардан дерлік жасақталған ұлттық топтар болды. Ресейліктер де көп еді. Солардың арасындағы айқайшуы мол студенттік өмір ағынымен біз де жүріп жаттық. Студенттік өмір ағыны... Бұл дегеніңіз әртүрлі бәсекеден тұрады емес пе? Оны еркіндіктің, табандылықтың, сан алуан мінез-құлқы пен таланттардың күресі деуге болады. Меніңше, біз онда өзімізді лайықты ұстай білдік қой деп ойлаймын. Себебі, ол кездері әрқайсымыздың санамызда: «Сен қазақ деген халықтың өкілісің, Қазақстанның елшісісің. Сондықтан мұнда өзгелерге үлгі-өнеге бола біл», – деген ой атой салып тұрды. Осының нәтижесінде ондағылар бізге қарап, халқымыздың кім екендігін танып білді деп айта аламын. Мұндай жауапкершілік жүгі өзіңе, өзіңнің іс-әрекетіңе сын көзбен қарауға үйретеді екен. Олай дейтінім, көп ұзамай институтта өлдекімнен теперіш көргендер бізді пана тұтып келетіндей бедделге ие болдық. Егер жатақханада курстасымыздың ақшасы ұрланса, ол әділдік іздеп ең алдымен қазақ тобына келетінді. Ұрыны табатынбыз. Мәселен, сондай суық қолдылардың бірі өзінің кінәсін мойындап, институттан кету жөнінде өтініш жазғаны әлі есімде. Сондай-ақ екінші бір студентке содырлардың тізесі батса, жөбірленуші қазақтардан келіп тұрып араша сұрайтын. Ал біз сотқарларды іздеп барып, жақсылап тұрып жазалайтынбыз. Үшінші біреуге стипендия тимей қалса, онда оның біздің бөлмені келіп жағалайтынын да, сөйтіп ортақ қазанымыздан ас ішіп жүретінін де ұмытқаным жоқ. Осының бәрін көріп-білген Балтық жағалауы мен Кавказ аймағының өкілдері, Сібірдің орыстары: «Қазақтар – ең әділетті халық», – деп айтып жүрді. Иә, институтта да, одан кейін де, жалпы қай жерде жүрсем де мен жоғарыдағыдай құрметке өзімнің іс-қимылым арқылы лайықты болуға тырыстым. Мынау көпұлтты әлемде қазақтармен кездескен адамдар бізді жомарт та дархан, кеңпейілді, әлсіздерге таяныш, зұлымдарға жаны қас халық ретінде таныса деп армандадым. Адалдық тәлімді анамыз айтатын: «Шалқайғанға шалқай: ол Құдайдың ұлы емес. Еңкейгенге еңкей: ол әкеңнің құлы емес», – деген мақалмен тәрбиеледі. Мен еш уақытта да осы даналық сөзден айныған емеспін.

Кейіпкерімізбен әңгіме-дүкен құрғалы біраз уақыттың боп қалғанын бөлме ішіне түскен қарақөлеңке анық аңғартқандай еді. Осыны байқаған Олжас аға орнынан жайлап көтерілді де сырт еткізіп электр шамының түймесін басып қалды. Содан соң терезе жақтауына сүйенген күйі сырттағы жапалақтай жауған қар

ұшқындарына ойлана көз тікті. Ал мен болсам қойын дәптерімдегі алдын ала дайындап әкелген көп сұрақтардың ішіндегі «Әдебиет институтындағы өзіңізге дәріс берген ұстаздар. Олар кімдер еді? Бұл творчество иелерінің бойынан қандай қасиеттер мен ерекшеліктерді байқадым деп ойлайсыз?» деген сауалдарға үңілдім.

– Менің ұстаздарым әртүрлі адамдар, – деді бұған ақын аға. – Олардың арасында поэзия жанрының майын езіп ішкен небір білгірлер, өлең өлкесіне қуатты талантымен енді ғана арындап келіп кірген курстастарым, тіпті менің тырнақалды туындыларымды алғаш рет тыңдап, пікір айта бастаған қарапайым оқырмандар, бәрі-бәрі де бар. Солардың ішінде әсіресе, маған ерекше қымбат көрінетіні әрі ғалым, әрі ақын, әйгілі педагог Л.Озеров пен сол кездегі ресейлік поэзия патриархтарының бірі Л.Мартинов дер едім. Сондай-ақ әдебиеттегі ең үлкен мектеп жолынан ақын А.Кудрейко арқылы өткенімді де егжей-тегжейлі айта кеткім келеді.

1959 жылы еді. Анатолий Кудрейко бұл кезде «Огонек» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істейтін. Өлендерімен таныстығым жоқ. Тек ол бізге В.Маяковскийдің: «Мудреватые Кудрейки, Кудреватые Мудрейки – кто их черту разберет?» деген уытты жыр жолдары арқылы ғана белгілі болатын. Мен енді соған «Арғымақтар» деген тұңғыш туындымды алып бардым. Ол оны қызыл қарындашпен аяусыз шимайлап жаратпай тастады. Жатақханаға келгеннен кейін өлеңімді басынан аяғына дейін қайтадан мүлде бөлек жазып, екі-үш күннен соң оған тағы да алып бардым. Анатолий Кудрейко оны оқып, тағы да шимақтады. Мен енді жаңаша тәсілмен жаздым. Ол бұл өлеңімді және қабылдамады. Содан қойшы, осы қатал бөлім меңгерушісіне жыл бойына бір өлеңімді шыңына жеткізе қайта-қайта өңдеп алып барып жүрдім. Соның өзінде ол одан «әлсіз», «оралымсыз» шумақтарды тауып отырды. Мен бәрібір алған бетімнен қайтпадым. Жазғанымның үстіне жаза түстім. «Арғымақтардан» басқа бірде-бір өлеңімді ұсынбадым. Редакцияға барып жүріп, «Огонектің» шовинистік бағыттағы журналдардың бірі екендігіне де көзім жетті. Себебі, онда орыс есімді ақындардың әлсіз өлеңдері ешбір қиындықсыз-ақ жарияланып жатты. Ал Анатолий Кудрейко маған: «Сенікің баспаймыз, өйткені, қазақсың», – деп ашықтан-ашық айта алмады. Сондықтан да ол менімен күресудің жоғарыдағыдай азапты тәсілін пайдаланды. Мен болсам, бұл жолда өзімнің төзімді екенімді көрсетіп қана қоймай, шынығып, шыңдала бердім. Сөйтіп, өз бетімше бірде-бір институт, бірде-бір ұлы шебер үйрете алмайтын өлең жазу мектебінен дәріс алдым. Ақыры орыс поэзиясының күрделі құрылымдары мен ішкі заңдылықтарын терең сезініп, игергенім соншалық, олардың сол кездегі белгілі-ау деген өлең шығарғыштарынан да жақсырақ жаза бастадым және «творчество бейнетін» онша көп сезіне бермейтін дәрежеге жеттім. Оған мысал ретінде сол жылдары бір түннің ішінде бірнеше өлеңді, ал бір аптада поэма жазғанымды айтуыма болады.

Иә, өлшеусіз жігер мен төзімге толы осындай жанкешті еңбегіңіз

нәтижесінде оны бірінші болып ақын Леонид Мартинов таныды. «Қазақ ақыны Олжас Сүлейменов, – деп жазды ол «Литературная газета-ның» 1959 жылғы 13 маусымдағы оған сәт сапар тілеген өзінің беташар мақаласында, – орыс тілінде жазатынына қарамастан, бүкіл болмысымен қазақ ақыны, атам заманнан бергі үміт-арманын орыс халқының үміт-арманымен ұштастырып келе жатқан асқақ рухты өз халқының адал перзенті. Олжас Сүлейменов тұрмыстық, географиялық, этикалық, эстетикалық тарихи байланыстардың жанды айғағы». Бұл пікір оқыс ойлы, асқақ үнді, адуын талантты шабыттандырмай, қанаттандырмай қойған жоқ. 1961 жылдың 12 сәуірінде жас ақын өңі түгіл түсінде де көрмеген жұмбақ әлем жөнінде атымен де, затымен де жаңа сөз айтып, бар даусымен саңқ етті. Сөйтіп, Ю.Гагарин адамзат тарихында тұңғыш рет ғарышқа самғаған күні біздің кейіпкеріміздің таңертең жазған өлеңі түс кезінде самолетпен Астана аспанынан листовка боп жауды. Ал арада бір апта өткенде осы жыр негізінде өмірге келген «Адамға табын, Жер енді!» поэмасы баспаханаға терімге жіберіліп, жарты айдан соң жеке кітап боп жарыққа шықты. Бұған дәл сол жылы өмірге жолдама алған оның тағы бір жинағы «Арғымақтарды» қосыңыз.

Сөйтіп, Олжас үшін нағыз жұлдызды сәт басталған еді! Біреулер бұл кезде: «Олжас Сүлейменов – орыс тілді ақын», – деп кінәлап жатты. Бұған төрелік айту қиын, әрине. Бірақ мына бір жайтты мықтап есте ұстағанымыз жөн дер едік. Сол кездегі Қазақстанды, яғни 60-70-ші жылдардағы қазақ халқын дүние жүзіне танытатын, әлем мәдениетімен тікелей байланыстыратын бірден-бір төте жол осы болатын. Соның арқасында оның «Қылықты түн», «Шапағатты шақ», «Мешін жылы», «Қышкітабы» атты жинақтары одақ көлемінен асып, Еуразияны өлең еткізді. Шетел баспасөзі оның ешкімге ұқсамайтын өзіндік үні мен ойлау жүйесі туралы таңдана да таңырқай жазды. Сенбейсіз бе? Онда тыңдаңыз. Француз қаламгері Андре Делю «Юманите» газетінде: «Олжас Сүлейменовтің даусы әлемнің бүгінгі аса көрнекті ақындық даусына жатады» – десе, Сорбонна университетінің профессоры, аудармашы Леон Робель: «Біздің мың сан бөлшектерден тұратын мынау әлеміміз талайдан бері мұндай зор дауысты естіген жоқ еді. Біз Сүлейменовті сондықтан да Гильгамеш, Юго, Хлебников секілді ұлылардың табиғи, танымал мұрагері деп білеміз», – деп ағынан жарылды. Мұның сыртында... иә, мұның сыртында келбетті де келісті қазақ ақынының дүниежүзілік жас-тар фестивалінде оқыған өлеңдері София аспанында саңқылдады, Париждегі бейбітшілік форумында қарт Монмартр қабырғаларын солқылдатты... Әлем Олжасқа қол соқты! Өстіп жүргенде...

Иә, өстіп жүргенде 1975 жылы «Жазушы» баспасынан біздің кейіпкеріміздің «Аз и Я» кітабы жарыққа шығып, ол «Игорь жасағы туралы жырды» зерттеуші орыс ғалымдарының төбесінен жай түсіргендей болды. Жұрт бұл еңбектің не туралы екенін, аталмыш туындының кезінде қандай айтыс тудырғанын жақсы білсе керек.

ТЖБ ХАБАРЛАЙДЫ

СУ АЙДИНДАРЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ОРМАН АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Жаз мезгілі – демалыс пен табиғат аясында серуендеудің, суға шомылудың қызатын кезеңі. Осы уақытта тұрғындар мен демалушылардың су айдындары мен орман алқаптарына жиі баруы қауіпсіздік талаптарын сақтаудың маңызын арттырады. Осыған байланысты су айдындарындағы қауіпсіздік пен орман алқаптарындағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау – адам өмірі мен қоршаған ортаны қорғаудың басты көпілі.

Су айдындарында орын алатын қайғылы оқиғалардың негізгі себептері – рұқсат етілмеген жерлерде шомылу, мас күйде суға түсу, балаларды қараусыз қалдыру және қауіпсіздік ережелерін елемей. Азаматтарға тек арнайы жабдықталған жағажайларда ғана суға түсуге, құтқарушылардың ескертулерін орындауға және балаларды үнемі бақылауда ұстауға кеңес беріледі.

Сонымен қатар су көліктерін пайдалану кезінде құтқару кеудешелерін кию міндетті екенін естен шығармаған жөн.

Ал орман алқаптарында өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау үлкен экологиялық апаттарға алып келуі мүмкін. Әсіресе, құрғақ әрі желді күндері орманда от жағу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастау, шыны қалдықтарын қалдыру өрттің шығуына себеп болады. Орман – табиғаттың баға жетпес байлығы. Сондықтан әр азамат табиғатты қорғауға жауапкершілікпен қарауы қажет.

Төтенше жағдайлардың алдын алу – тек арнайы қызметтердің ғана емес, барша қоғамның ортақ міндеті. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы адам өмірін, табиғатты және қоршаған ортаны сақтап қалуға болады.

**Рүстем Оразбай,
Мәлік Ғабдуллин атындағы
Азаматтық қорғау
академиясының 4-курс курсанты**

СОТ ЖҮЙЕСІ

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ӨНДІРІСІ

Жедел ақпарат алмасудың озық технологиясы дамыған ХХІ ғасырда сотқа жүгінудің инновациялық тәсілдері іске қосылды. Республика соттарында ақпараттық технологияларды белсенді түрде қолданудың нәтижесінде бұқараның басым бөлігі қағазбастылықтан арылуда.

Электронды қылмыстық іс жүргізу процесі қылмыстық құқық бұзушылықты тіркеуден бастап үкімді орындауға дейінгі барлық сатыларын қамтитын болады. Жоба Бас прокуратураның арнайы есепке алу және құқықтық статистика бойынша Комитетімен жүзеге асырылуда. Электронды қылмыстық іс жүргізу процесі халықтың көкейіндегі өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік беріп отыр. Ол дәлелдемелерді жинау мен процестік құжаттарды дайындау жөніндегі процестік әрекеттерді жеңілдетеді, іс құжаттарына жалған мәліметтер енгізудің қаупін жояды, сонымен қатар, сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот органдары үшін

материалдық шығынды азайтады. Іске қатысушы тараптар кез келген уақытта қылмыстық істің жүргізілу барысы туралы мәліметті онлайн-режимде интернет арқылы қарап біле алады. Соттың санкциясын электрондық нұсқада алуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, электронды қылмыстық іс өндірісі қажет емес қағазбастылықтан арылтады. Программаларда процестік құжаттардың жобалары орналастырылады, бұл өз кезегінде уақытты үнемдеуге алып келеді, әрбір іс мұқият қаралады және республика бойынша біркелкі тәжірибені қалыптастыруға жағдай жасайды.

Қорыта айтқанда, электронды қылмыстық іс өндірісі сот төрелігін дамыту бойынша келешегі зор және бұл бағыттағы жүйелі жұмыс «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мазмұнымен толық үйлесім тауып отыр.

**Ғ.Шалбаева,
Баянауыл аудандық соты
әкімшісінің басшысы**

ХАБАРЛАМА

2026 жылғы 19 маусым сағат 10:00-де Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Жуантөбе кен орнының полиметалл кендерін қайта өңдеу бойынша байыту фабрикасын салу және пайдалану жобасына ықтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлаймыз.

Учаскенің географиялық координаттары: 51°8'19.37"С және 76°12'26.08"В.

Өтетін орны: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ақмектеп ауылы, Жаяу Мұса көшесі, 13/2, Медпункт.

Тапсырыс беруші: «Capital Stroy V» ЖШС, БСН 191040011321.

Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ыбыраим Қалдыбаев көшесі, 23-үй.

Жобаны әзірлеуші: «Q ECO SOLUTIONS» ЖШС.

Заңды мекенжайы: 050057, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 42/6 ғимараты.

БСН: 240940036289. Тел.: +7 702 661 6646 Электрондық пошта: d.amirzhan@qeg.kz

Microsoft Teams платформасында бейнеконференцбайланыс:

Қосылу сілтемесі: <https://teams.microsoft.com/join/4887683801838?p=3NvenJcs8HELGPSIhO>

Жиналыс идентификаторы: 488 768 380 183 8

Құпиясөз: 6kc9vL7J

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме:

<https://ndbecology.gov.kz/> немесе <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat>

Ескертулер мен ұсыныстар келесі мекенжай бойынша қабылданады:

Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы 5Б, 305-кабинет, тел.: 77055403051 және 8 7182 372178 немесе электрондық пошта: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz және uncsvr_15.07.2025@mail.ru.

Тыңдау 5 күнтізбелік күн қатарынан өткізілуі мүмкін. Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін кемінде 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жолдануы тиіс.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Сообщаем, что 19 июня 2026 года в 10:00 ч. состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по отчету о возможном воздействии к проекту «Строительство и эксплуатация обогатительной фабрики по переработке полиметаллических руд месторождения Жуантобе в Баянаульском районе Павлодарской области».

Географические координаты участка: 51°8'19.37"С и 76°12'26.08"В.

Место проведения: Павлодарская область, Баянаульский район, п. Ақмектеп, ул. Жаяу Мұса, 13/2, Медпункт. Заказчик: ТОО «Capital Stroy V», 191040011321

Юр адрес: г. Алматы, Бостандықский район, ул. Ыбыраим Қалдыбаев, д. 23.

Разработчик: ТОО "Q ECO SOLUTIONS". Юридический адрес 050057, Г Алматы, Бостандықский р-он, ул. Тимирязева, зд. 42/6.БИН: 240940036289. т. +7 702 661 6646 d.amirzhan@qeg.kz

Видеоконференцсвязь на платформе Microsoft Teams:

Присоединиться: <https://teams.microsoft.com/join/4887683801838?p=3NvenJcs8HELGPSIhO>

Идентификатор собрания: 488 768 380 183 8 Пароль: 6kc9vL7J

Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ndbecology.gov.kz/> или сайт МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat>

Замечания и предложения принимаются по адресу:

РК Павлодарская область, г. Павлодар, ул. Площадь Победы 5Б, каб. 305, тел- 77055403051 и 8 7182 372178 или эл адрес - buhina.raushan@pavlodar.gov.kz и uncsvr_15.07.2025@mail.ru. Слушание может проходить в течении 5 последовательных дней. Все замечания и предложения направляются в срок не позднее 3 рабочих дней до проведения общественных слушаний.



«Баянтау» газетінің
редакциясы» ЖШС

Құрылтайшы:

Айдана Тұрғынбайқызы
АЙТУҒАНОВА
8-702-179-10-87

Редакция автордың көзқарасы үшін жауап бермейді. Хаттар, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді және түгел жариялауды міндетіне алмайды. «Баянтауда» жарық көрген материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан фотосуреттер пайдаланылады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2006 жылы 18 мамырда тіркеліп, №7250-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күні шығады.
Таралымы: 1550 дана
Көлемі: 2 б.т.

Газет «Баянтау» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, «Баспа үйі» ЖШС баспаханасында басылады.
Баспа мекенжайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.
Газеттің сапасы мен уақытында шығуына баспахана жауап береді.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы,
Баянауыл ауылы,
Сәтбаев көшесі, 49-үй
Жұмыс тел.: 9-28-37
Эл. пошта: redakciyabayantau@mail.ru
Instagram: @bayantau_gazeta
Facebook: Баянтау газеті

ҚЫСҚА СҰҚБАТ

КІТАПХАНА –
КИЕЛІ МЕКЕН

Жаңатілек ауылы – табиғаты көркем, тіршілігі тыныш мекен. Осы ауылдың жүрегінде орналасқан кітапхана – рухани байлықтың ордасы. Мұнда әр оқырман өзіне қажетті білім мен тәлім алады. Біз осы қасиетті мекеннің шырақшысы, ауыл кітапханашысы Гүлім Финаятқызы Мұсабаевамен сұқбаттасқан едік.

– Гүлім Финаятқызы, кітапхана саласында қанша жылдан бері еңбек етіп келесіз?

– Мен бұл салада 2009 жылдан бері еңбек етіп келемін. Кітап – менің өмірімнің ажырамас бөлігі.

– Кітапхана қоры қанша?

– Қазіргі таңда кітапхана қорында 6000-нан аса кітап қоры бар. Олар әр-түрлі бағыттағы – көркем әдебиет, танымдық, тарихи және балалар әдебиеттерінен тұрады.

– Қанша оқырман бар?

– Бүгінде кітапханамызда тұрақты оқырмандар саны жеткілікті. Тұрақты оқырмандарым – ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұхамет-Қайыр Шәріпұлы, ауыл тұрғыны Қалимаш Дәртбайқызы, Б.Хайдаров атындағы мектептің тәлімгері Айдын Өсербайқызы. Сонымен қоса оқушылар жиі келіп, кітап алып оқиды.

– Оқырмандар көбіне қандай кітаптарды сұрайды?

– Балалар ертегі мен көркем әдебиеттерді жақсы көреді. Ал үлкендер тарихи, танымдық кітаптарға қызығушылық танытады.

– Қазіргі жастардың кітапқа қызығушылығы қандай?

– Қазіргі таңда телефон мен интернеттің әсері байқалады. Бірақ соған қарамастан кітап оқуға қызығатын жастар да аз емес. Біз түрлі іс-шаралар арқылы олардың қызығушылығын арттыруға тырысамыз.

– Өзіңіз ең көп ұсынатын кітап қандай?

– Оқырмандарға көбіне тәрбиелік мәні бар, ой салатын кітаптарды ұсынамын. Мысалы, көркем әдебиеттен классикалық шығармалар мен балаларға арналған қызықты туындыларды жиі ұсынамын.

– Кітапхананың қоғамдағы маңызы қандай деп ойлайсыз?

– Кітапхана – тек кітап сақтайтын орын емес, ол – тәрбие мен білімнің алтын ұясы. Мұнда келген әр адам рухани байып, ой-өрісі кеңейеді.

– Жұмысыңызда есте қалған ерекше сәттеріңіз бар ма?

– Балалардың кітап оқып, алған әсерімен бөлісіп келген сәттері мен үшін ең үлкен қуаныш.

Сұқбат барысында кітапханашының өз ісіне деген адалдығы мен шынайы махаббаты анық сезілді. Расында да, ауыл кітапханасы – рухани тірек. Осындай жандардың еңбегі арқылы жас ұрпақ білімге ұмтылып, кітапқа жақын болып өсуде. Кітап иісі аңқыған бұл киелі мекен әлі талай буынның жүрегіне жол табары анық. Себебі кітап бар жерде білім бар, ал білім бар жерде жарқын болашақ бар.

**Айсәуле Аманжол,
Павлодар облысы КЕО
қосымша білім беру мектебі
«Жас тілші» үйірмесінің мүшесі,
Айдын Жагипарова, жетекшісі**

АЙТАРЫМ БАР...

КЕШЕУІЛДЕП КЕЛГЕН КУӘЛІК

Байдүйсен Жәпенұлы Жәпенов. Есімі Баянаула жұртшылығына жақсы таныс. Сонау 70-ші жылдары Омбы мемлекеттік институтын «мал дәрігері» мамандығы бойынша тәмамдап, туып-өскен елінде еңбек жолын бастайды. Алғашында «Жайма», кейіннен «Октябрьдің 40 жылдығы», «Южный» совхоздарында мал дәрігері инспекторы болып еңбек етті. Одан әрі «Лекер» совхозын басқарды. Қазіргі күні Лекер қажы ауылының кіреберісінде «меңмұңдалап» қарсы алатын стелла Байдүйсен Жәпенұлының бастамасымен тұрғызылған-ды. Сонымен бірге, Павлодар қаласында да түрлі салада елеулі еңбек етті. Еңбек жолының соңғы жылдары Жаңатілек ауылдық округінің әкімі болып, 2011 жылы сол жерден зейнеткерлікке шықты. Замандастарының айтуынша, Байдүйсен ағаның ұлттық өнер, атбегілік, саятшылыққа деген ынтасы жоғары. Буян, Айқабак, Маңмаңгер, Ақбақай атты жүйріктері аудан, облыс төңірегінде белгілі болды. Міне, талай жыл ауданның әлеуметтік-экономикалық, мәдени өсіп-өркендеуіне үлес қосып сүбелі еңбек еткен еңбек ардагерлеріне қашанда құрмет жоғары. Естеріңізде болса, 2019 жылы Баянауыл ауданында ұзын-сонар 40-қа жуық адамға «Баянауыл ауданының Құрметті азаматы» атағы берілген-ді. Сол кездегі «жомарт» әкім мен мәслихат хатшысының үлестірген атағы осы Байдүйсен Жәпенұлына да беріліпті. Елі үшін еңбек еткен жандар атақтың қайсына болсын лайықты, оған еш дау жоқ. Әңгіме кімнің қай еңбегі үшін алғанында емес, әңгіме сол куәліктердің уақтылы иелеріне табысталмауында. Түсінікті болсын, тарқатып айтайын!

Сейсенбі күні телефонымға жоғарыда сөз еткен марқұм Байдүйсен Жәпенұлының қызы Әсем Байдүйсенқызы хабарласты. Айтуынша, 2019 жылы әкесіне берілген «Баянауыл ауданының Құрметті азаматы» (куәлік №127) куәлігін әлі күнге дейін алмапты. Себебі – 2019 жылы қараша айында шақыртқанда әкесі сауықтыру орталығында болып, шараға қатыса алмаған. 2021 жылдың желтоқсан айында ауыр науқастан қайтыс болады. Қара жамылған отбасының куәлікті іздеуге шамасы келмей, бар



куәлікті көңілдеріне демей болсын деп апарып ешкім табыстамай, арада 7 жыл уақыт өте шыққан. «Сырғып өткен уақытқа тежеу жоқ» екенін уақыт тағы дәлелдеді. Осы мәселеге байланысты Әсем Байдүйсенқызынан аудан әкімі Ардақ Ксентаевқа хат жолданады. Хатта мәселе түсіндірілген. Аудан әкімі 12 мамыр, яғни сейсенбі күні сағат 15:00-де әкімдікте марқұмның жұбайы Рахима Қабасқызы Жәпенованы қабылдап, куәлікті ресми түрде табыстайтынын жеткізген. Маңызды сәттің куәгері болуға редакциядан журналист сұрап хабарласқан Әсем Байдүйсенқызына сағат 15.00-де әкімдікке журналист жіберетінімді, қуаныш-ты сүйіншілейтінімізді айттым. Журналист белгіленген уақытта әкімдікке барды. Алайда, аудан әкімінің орынбасары Альмира Аманқызы: «Біз бұл шараны ұмытып кетіппіз. Куәлікті алуға келушілер де келген жоқ, кешіректеу келіп жатса, шақыра қоямыз» деп журналисті шығарып салыпты. Жарты сағат өтпей-ақ қолыма куәлікті аудан әкімі емес, әкімнің орынбасары табыстап тұрған видео түсті. Видеоны «жеті жыл күтпейсің, жеті-ақ минутта» жетеді ғой, шіркін! Видеоны қарап отырып, ішім удай ашыды. Ақ жаулықты ананың иығына орамалын жауып, қолына бір шоқ гүлін ұстатып, куәлікті табыстаса, сұр кабинеттің іші ажарланып кетер еді... Редакцияның тапсырмасымен барған журналисті қайтарып жіберетіндей «қауқары» бар аудан әкімінің орынбасары алдымен «гүл беріп, гүлдендіру» идеясын ойлағаны дұрыс шығар. «Шақыра қоямыз» деп, болмашы уәдені де орындай алмайтын мұндай басшылардан не қайыр, не үміт?! Міне, ауданның идеологиясын тізгіндеп отырған басшының өрекеті.

А.АЙТУҒАН



ПРОДАМ!!!

Постельный комплект от фирмы "ЛИОРА", оригинал, гипоаллергенный, не скатывается, не линяет, качество шикарное. Размер полуторка – цена 5000 тенге, двухспальная – 6000 тенге. Контактный телефон: 87711343287